

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 қарашадағы N 1803 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 маусымдағы N 832 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
Қ а з а қ с т а н	<i>К. Мәсімов</i>
Ү к і м е т і н і ң	Р е с п у б л и к а с ы
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 1 0 қ а р а ш а д а ғ ы	
N 1 8 0 3 қ а у л ы с ы м е н	
бекітілген	

Қазақстан Республикасының кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 № 742 Қаулысымен.**
2. "Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі экономикалық саясат пен ұйымдастыру шараларының 2005 - 2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары" бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 969 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 36, 502-құжат):
көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі экономикалық саясат пен ұйымдастыру шараларының 2005 - 2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары" бағдарламасында:
"Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі экономикалық саясат пен ұйымдастыру шараларының 2005 - 2010 жылдарға арналған негізгі бағыттарының бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 10-бөлімде:
реттік нөмірі 3-жолдың 4-бағанындағы "ИСМ" деген аббревиатура "ҚІЖТҚША" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

ескертпе мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:
"ҚІЖТКША" - Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі
"

3. "Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 624 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 24, 249-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

"II кезең 2009 - 2010 жылдар" деген бөлімде:

"Инвестициялық саясат" деген кіші бөлімде:

"2. Сумен қамтамасыз ету және су тарту" деген тарауда:
реттік нөмірлері 96, 97, 98, 99, 100, 101-жолдардың 4-бағанындағы "Индустрия және сауда министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Құрылыс істері және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"6. Мәдениет және спорт" деген тарауда:
реттік нөмірі 123-жолдың 4-бағанындағы "Индустрия және сауда министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Құрылыс істері және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"7. Тұрғын үй құрылысы және тұрғын үй нарығы" деген тарауда:
реттік нөмірлері 124, 125-жолдардың 4-бағанындағы "Индустрия және сауда министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Құрылыс істері және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"8. Қаланы абаттандыру" деген тарауда:
реттік нөмірлері 126, 127, 128, 130-жолдардың 4-бағанындағы "Индустрия және сауда министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Құрылыс істері және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. "Қазақстан Республикасының 2007 - 2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2007 - 2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 ақпандағы N 111-1 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 4
, 51 - құжат) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2007 - 2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2007 - 2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

"5. Орнықты экономикалық прогресс" деген бөлімде:

"5.1. Ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру" деген кіші бөлімде:
реттік нөмірі 5.1.11-жолдың 4-бағанындағы "ИСМ" деген аббревиатура "ҚІЖТКША

" аббревиатурамен ауыстырылсын;

"5.2. Орнықты және серпінді технологияларды енгізу" деген кіші бөлімінде:
реттік нөмірі 5.1.11-жолдың 4-бағанындағы "ИСМ" деген аббревиатура "ҚІЖТКША

" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

ескертпе мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"ҚІЖТКША - Қазақстан Республикасы Құрылыс істері және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық агенттігі".

5. "Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамытудың 2007 —
2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2007 - 2009
жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2007 жылғы 19 наурыздағы N 209 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында дене шынықтыру
және спортты дамытудың 2007 - 2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын
іске асыру жөніндегі 2007 - 2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 2.1-жолдың 4-бағанындағы "ИСМ" деген аббревиатура "ҚІЖТКША"
деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

ескертпе мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"ҚІЖТКША - Қазақстан Республикасы Құрылыс істері және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық агенттігі".

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.12 № 1199 Қаулысымен.

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.10 № 924 Қаулысымен.

8. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.11 № 130 Қаулысымен.

9. "2009 — 2011 жылдарға арналған "Еуропаға жол" мемлекеттік бағдарламасын
іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2008 жылғы 4 қазандағы N 916 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген 2009 - 2011 жылдарға арналған "Еуропаға жол"
мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

"5. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты тереңдету" деген бөлімде:
реттік нөмірі 38-жолдың 4-бағаны "ЭБЖМ" деген аббревиатурамен толықтырылсын

;

"6. Шағын және орта бизнесті дамытудағы ынтымақтастық" деген бөлімде:
реттік нөмірлері 40, 41, 42, 43, 44-жолдардың 4-бағанындағы "ИСМ" деген
аббревиатура "ЭБЖМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

"9. Оң сипаттағы еуропалық тәжірибені пайдалана отырып, қазақстандық
институционалдық-құқықтық базаны жетілдіру" деген бөлімде:

реттік нөмірі 80-жолдың 4-бағанындағы "ИСМ" деген аббревиатура "ҚІЖТКША"
деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

ескертпе "ҚҚА — Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы

ж о л м е н

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"ҚІЖТКША — Қазақстан Республикасы Құрылыс істері және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық агенттігі".

10. "Қазақстан Республикасында рұқсат беру жүйесін жетілдірудің 2009 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 27 қарашадағы N 1100 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында рұқсат беру жүйесін жетілдірудің 2009 - 2011 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс - ш а р а л а р ж о с п а р ы н д а :

"1. Тұжырымдама міндеттерін іске асыру жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру" деген бөлімде: реттік нөмірі 4-жолдың 4-бағанындағы "ИСМ" деген аббревиатура алынып т а с т а л с ы н ;

"3. Кәсіпкерлік қызметті реттеудің баламалы нысандарын енгізу" деген бөлімде: реттік нөмірлері 9, 10-жолдың 4-бағанындағы "ИСМ" деген аббревиатура "ЭБЖМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын; ескертпедегі "ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н .

11. "2009 - 2011 жылдарға арналған "Нұрлы көш" бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 желтоқсандағы N 1126 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., N 45, 514-құжат): көрсетілген қаулымен бекітілген "2009 - 2011 жылдарға арналған "Нұрлы көш" б а ғ д а р л а м а с ы н д а :

"2009 — 2011 жылдарға арналған "Нұрлы көш" бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде: реттік нөмірлері 15, 18 және 19-жолдардың 4-бағанындағы "ИСМ" деген аббревиатура "ҚІЖТКША" деген аббревиатурамен ауыстырылсын; ескертпе "ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"ҚІЖТКША - Қазақстан Республикасы Құрылыс істері және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық агенттігі".

12. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.11.29 N 1389 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**